

ТАМЫЗДАҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІ

Тамыз айының бірінші онкүндігінде еліміздің басым бөлігінде ыстық ауа райы сақталды, кей күндері термометр бағандары $+32+42^{\circ}\text{C}$ қа дейін жетті, ал еліміздің солтүстік жартысында онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі байқалды.

Кей станцияларда ауа температурасы бойынша ғана емес жауын-шашын мөлшері бойынша да рекордтар болды. 9-шы тамыз күні Балқаш метеорологиялық станциясында (ары қарай - МС) (Қарағанды облысы) ауа температурасы 2002 жылғы рекордты ($+36,6^{\circ}\text{C}$) жаңартып, $+37,6^{\circ}\text{C}$ құрады. Мысалы, 8-ші тамыз күні Тобол МС-да (Қостанай облысы) 89 мм жауын-шашын түсуі тіркелді, бір айлық норма 35 мм, Егіндікөл МС-да (Ақмола облысы) 50 мм, бір айлық норма 29 мм, Успенка МС-да (Павлодар облысы) 46 мм, бір айлық норма 32 мм. Онкүндік бойы желдің күшеюі $15-25$ м/с-қа дейін, найзағай, бұршақ, тұман, ал елдің оңтүстігінде шаңды дауыл байқалды.

Тамыздың екінші жартысында Қазақстанның басым бөлігінде ауаның негізгі фондық температурасы $+17+25^{\circ}\text{C}$ болды, ал оңтүстік жартысында кей күндері температура $+25+30^{\circ}\text{C}$ дейін төмендеді.

Еліміздің бас қаласы Астанада орташа айлық ауа температурасы $+18,5^{\circ}\text{C}$ құрады, норма $19,1^{\circ}\text{C}$. Ең жоғарғы ауа температурасы 1-ші тамыз күні $+36,3^{\circ}\text{C}$ -қа жетсе, ең төменгі ауа температурасы 28-ші тамыз күні $+9,2^{\circ}\text{C}$ көрсетті. Ерекше атап өтетін жайт жауын-шашынның аномальды мөлшерінің 113 мм-ге жетуі, бұл көрсеткіш орташа айлық нормадан 364% көп болып табылады, (норма 31 мм). 8-9 тамыз күндері қатты бұршақ жаууы байқалды.

АВГУСТ В ОБЪЯТИЯХ У НЕПОГОДЫ

В первой декаде августа на большей части Казахстана сохранялась жаркая погода, столбики термометров поднимались до отметки $+32+42^{\circ}\text{C}$, лишь в северных регионах в конце декады отмечался спад температуры воздуха.

На отдельных станциях наблюдались рекорды как по температуре воздуха, так и по осадкам. 9 августа на метеорологической станции (далее - МС) Балхаш (Карагандинская область) температура достигла $+37,6^{\circ}\text{C}$, был обновлен температурный рекорд 2002 года ($+36,6^{\circ}\text{C}$). Например, 8 августа на МС Тобол (Костанайская область) выпало 89 мм, что значительно превышает месячную норму, норма за месяц 35 мм, на МС Егіндыколь (Ақмолинская область) осадков выпало 50 мм, при норме за месяц 29 мм, на МС Успенка (Павлодарская область) - 46 мм, при норме 32 мм. В течение декады

усиливался ветер до 15-25 м/с, наблюдались гроза, град, туман, а на юге страны пыльная буря.

Во второй половине августа на большей части Казахстана основной фон температуры воздуха составил +17+25°C, а в южной половине в отдельные дни температура понижалась до +25+30°C.

Среднемесячная температура воздуха в г. Астане в августе составила +18,5°C, при норме 19,1°C. Максимальная температура воздуха была зафиксирована 1 августа и составила +36,3°C, а минимальная температура 28 августа +9,2°C. Особенно выделяется аномальное количество осадков - 113 мм, что составляет 364% от средней нормы за месяц (норма 31 мм). При этом 8-9 августа наблюдался сильный град.